Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепалды сынып:

Білім беру ұйымының атауы:

Балалардың жасы : 5 жас

Қандай кезеңге жасалды : 10-14 наурыз 2024-2025жыл

Наурыз айы:Құндылық – Тәуесіздік және отаншылдық

Апта дәйексөздері«Тәуелсіздік - тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік»

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 10.03**	**Сейсенбі 11.03**	**Сәрсенбі 12.03**	**Бейсенбі 13.03**	**Жұма 14.03**
Балаларды қабылдау		**Күй күмбірі«Ана толғауы»** Балаларды қабылдау: балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (**сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет**).	**Күй күмбірі«Ана толғауы»** Балаларды қабылдау: балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (**сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет**).	**Күй күмбірі«Ана толғауы»** Балаларды қабылдау: балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (**сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет**).	**Күй күмбірі«Ана толғауы»** Балаларды қабылдау: балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (**сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет**).
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру		Балалармен үйде осы тақырып бойынша әңгімелесуді ұсыну «Үлкендерге құрмет көрсету «	Балалармен үйде осы тақырып бойынша әңгімелесуді ұсыну «Үйде, балабақшада, қоғамда өзін дұрыс ұстай білу»	Балалармен үйде осы тақырып бойынша әңгімелесуді ұсыну «Үлкендерге құрмет көрсету «	Балалармен үйде осы тақырып бойынша әңгімелесуді ұсыну «Үлкендерге құрмет көрсету «
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)		**Біртұтас тәрбие** «Еңбектің наны тәтті» Ересектердің еңбегімен таныстыру	«Теңге алу» Дидактикалық ойын қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау,	«Әмиян» дидактикалық ойын қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу,	«Дүкен» сюжетті-рөлдік ойындар қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың

AnyScanner

			зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту	олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту	көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту
Ертеңгілік жаттығу		Сау жолдармен жүру, қол белде. Жүгіру түрлері: бір қатармен; жүгіру мен жүру ауысып. Екі қатарға түру. • Б.қ. – н.т., қол басын артында 1.Қол жоғары, созылу.2.Б.қ..3. Қол жоғары, созылу.4.Б.қ. (5-6 рет) • Б.қ. аяқты кең ашып тұрысы, қол төмен 1-4Қолды алдына қарай айналдыру.5-8 Қолды артқа қарай айналдыру. (5-6 рет) • Б.қ. төрт тағандап 1.Оң аяқты артқа қарай созылу.2.Б.қ.3.Сол аяқты артқа қарай созылу.4.Б.қ. • Б.қ. аяқты тізеден бүгіп, шалқадан жату 1.Тізені қолмен құшақтап алып, басты тізеге еңкету.2-3.Тербелу.4.Б.қ.(5-6 рет) • Б.қ. н.т., қол төмен Екі аяқпен бірге бұрылып секіру (6 рет) Жүгіру. Бір қатармен жүру.Тыныс алу	Сау жолдармен жүру, қол белде. Жүгіру түрлері: бір қатармен; жүгіру мен жүру ауысып. Екі қатарға түру. • Б.қ. – н.т., қол басын артында 1.Қол жоғары, созылу.2.Б.қ..3. Қол жоғары, созылу.4.Б.қ. (5-6 рет) • Б.қ. аяқты кең ашып тұрысы, қол төмен 1-4Қолды алдына қарай айналдыру.5-8 Қолды артқа қарай айналдыру. (5-6 рет) • Б.қ. төрт тағандап 1.Оң аяқты артқа қарай созылу.2.Б.қ.3.Сол аяқты артқа қарай созылу.4.Б.қ. • Б.қ. аяқты тізеден бүгіп, шалқадан жату 1.Тізені қолмен құшақтап алып, басты тізеге еңкету.2-3.Тербелу.4.Б.қ.(5-6 рет) • Б.қ. н.т., қол төмен Екі аяқпен бірге бұрылып секіру (6 рет) Жүгіру. Бір қатармен жүру.Тыныс алу жаттығу«Маятник» - түзу тұрып, аяқтарын иық	Сау жолдармен жүру, қол белде. Жүгіру түрлері: бір қатармен; жүгіру мен жүру ауысып. Екі қатарға түру. • Б.қ. – н.т., қол басын артында 1.Қол жоғары, созылу.2.Б.қ..3. Қол жоғары, созылу.4.Б.қ. (5-6 рет) • Б.қ. аяқты кең ашып тұрысы, қол төмен 1-4Қолды алдына қарай айналдыру.5-8 Қолды артқа қарай айналдыру. (5-6 рет) • Б.қ. төрт тағандап 1.Оң аяқты артқа қарай созылу.2.Б.қ.3.Сол аяқты артқа қарай созылу.4.Б.қ. • Б.қ. аяқты тізеден бүгіп, шалқадан жату 1.Тізені қолмен құшақтап алып, басты тізеге еңкету.2-3.Тербелу.4.Б.қ.(5-6 рет) • Б.қ. н.т., қол төмен Екі аяқпен бірге бұрылып секіру (6 рет) Жүгіру. Бір қатармен жүру.Тыныс алу жаттығу«Маятник» - түзу тұрып, аяқтарын иық деңгейінде қойып, таяқты арқасына жауырыннан төмен ұстау; денесімен жанына қарай еңкейу; уақытта «Т-у-у-	Сау жолдармен жүру, қол белде. Жүгіру түрлері: бір қатармен; жүгіру мен жүру ауысып. Екі қатарға түру. • Б.қ. – н.т., қол басын артында 1.Қол жоғары, созылу.2.Б.қ..3. Қол жоғары, созылу.4.Б.қ. (5-6 рет) • Б.қ. аяқты кең ашып тұрысы, қол төмен 1-4Қолды алдына қарай айналдыру.5-8 Қолды артқа қарай айналдыру. (5-6 рет) • Б.қ. төрт тағандап 1.Оң аяқты артқа қарай созылу.2.Б.қ.3.Сол аяқты артқа қарай созылу.4.Б.қ. • Б.қ. аяқты тізеден бүгіп, шалқадан жату 1.Тізені қолмен құшақтап алып, басты тізеге еңкету.2-3.Тербелу.4.Б.қ.(5-6 рет) • Б.қ. н.т., қол төмен Екі аяқпен бірге бұрылып секіру (6 рет) Жүгіру. Бір қатармен жүру.Тыныс алу жаттығу«Маятник» - түзу тұрып, аяқтарын иық деңгейінде қойып, таяқты арқасына жауырыннан төмен ұстау; денесімен жанына қарай еңкейу; уақытта «Т-у-у-

SCAN AnyScanner

		жаттығу«Маятник» - түзу тұрып, аяқтарын иық деңгейінде қойып, таяқты арқасына жауырыннан төмен ұстау; денесімен жанына қарай еңкейу; уақытта «Т-у-у-х-х» - деген дыбыспен демін сыртқа шығарады (3 - 4 рет).	деңгейінде қойып, таяқты арқасына жауырыннан төмен ұстау; денесімен жанына қарай еңкейу; уақытта «Т-у-у-х-х» - деген дыбыспен демін сыртқа шығарады (3 - 4 рет).	у-х-х» - деген дыбыспен демін сыртқа шығарады (3 - 4 рет).	х-х» - деген дыбыспен демін сыртқа шығарады (3 - 4 рет).
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)		Ойын: «Жоғарыда–төменде, биік-аласа» Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру	**«Менің құқықтарым, менің міндеттерім» тақырыбында әңгімелісу**	«Қайырлықүн!» Жарқырап күн де ашылады, Айналаға нұр шашылады. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз!	Күніміз ашық болсын! Түніміз тыныш болсын! Ауамыз таза болсын! Суымыз мөлдір болсын!
Кестеге сәйкес ҰІӘ		**Сауат ашу негіздері** Біз нені үйрендік? Біз нені үйрендік, нені білдік? Мақсаты:Тігінен, көлденең, қысқа және ұзын сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді жазу дағдыларын дамыту. Міндеті:-Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі	**Математика негіздері** Мен не білемін және не істей аламын? Заттарды ұзындығы,ені,жуандығы бойынша салыстыру10.03 кір) Мақсаты: Заттардың ұзындығын, биіктігін және жуандығын салыстыру. Міндеті: Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге мүмкіндік беру Заттардың ұзындығын, биіктігін,	**Сөйлеуді дамыту** Біз де ойнаймыз **Мақсаты:** Халықауызәдебиетінеқызығушылығыояту. **Міндеті:**Байланыстырып сөйлеу. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу,монологтік мәтіндерді байланыстырып айту,мәтін мазмұнын дұрыс, рет-ретімен айту, белгілі бір түсінікті сипаттау, баяндау әңгімелері түрінде жеткізе білуге үйрету. Сөйлеу мәдениетіне үйретуді жалғастыру, таныс емес ортада,көпшілік алдында сөйлей білуге	**Қоршаған ортамен таныстыру** Менің елімнің салт-дәстүрі Мақсаты: Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту. Міндеті: Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқыныңқұндылықтарынақұрметтаныту **Ойын 1: «Ұлттық ойындар» Мақсаты: Қазақ халқының ұлттық ойындарын үйрету, салт-дәстүрлерді қызықты түрде таныстыру. Барысы: Балаларға қазақтың ұлттық ойындарының бірін (мысалы, «Теңге алу», «Асық ату») көрсетіп, оларды ойын

SCAN AnyScanner

		бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру **Ойын 1:** «Сызықтарды жазу» **Мақсаты:** Тігінен, көлденең, қысқа және ұзын сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді жазу дағдыларын дамыту. **Барысы:** Балаларға әртүрлі бағыттағы сызықтар мен пішіндер көрсетіледі, олар үлгі бойынша алдымен сызықтарды сызады, кейін өзбетінше жазады. **Ойын 2:** «Қызықты сызықтар» **Мақсаты:** Ирек сызықтар мен толқынды сызықтарды жазу дағдыларын жетілдіру. **Барысы:** Балаларға ирек сызықтар мен толқынды сызықтарды сызу	ені мен жуандығын анықтай білу Ойын 1: «Қандай ұзын?» Мақсаты: Заттардың ұзындығын, биіктігін және жуандығын салыстыру. Барысы: Балаларға бірнеше түрлі заттар (қалам, сызғыш, кітап, кубик) беріледі. Олар бір-бірімен салыстырып, қайсысы ұзын, қайсысы қысқа, қайсысы жуандығы мен биіктігі бойынша ерекшеленетінін айтады. Ойын 2: «Заттардың көлемін тап» Мақсаты: Заттардың ені мен жуандығын анықтау. Барысы: Балаларға түрлі көлемдегі заттар (кішкентай, үлкен) көрсетіледі. Олар әр заттың ені мен жуандығын анықтап, қайсысы кең, қайсысы тар екенін айтады.	үйрету(10.03кір) **Ойын 1:** «Ертегіні аяқтау» **Мақсаты:** Халық ауыз әдебиетінің элементтерін жаттау, ойлау қабілетін дамыту. **Барысы:** Балаларға қысқаша халық ертегісі немесе әңгімесі оқылып беріледі, олар сол әңгіменің жалғасын өз ойларымен құрастырады. Әңгіме мазмұнын ретімен айтып, оны дұрыс аяқтауға тырысады. **Ойын 2:** «Түсінікке байланысты әңгіме құрастыру» **Мақсаты:** Монологты дамыту, бір тақырыпқа толық түсінікті әңгіме құрастыру дағдыларын қалыптастыру. **Барысы:** Балаларға бір-бір тақырып немесе түсінік беріледі (мысалы, «менің анам» немесе «жолда жүргенде»), олар сол тақырыпқа қатысты әңгіме құрастырып, оны	**ережелерімен таныстырады.** **Балалар ойын барысында ұлттық дәстүрлер мен ойын ережелерін тәжірибе жүзінде меңгереді.** **Ойын 2: «Салт-дәстүрлерді білу»** **Мақсаты:** **Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы білімдерін тереңдету.** **Барысы:** **Балаларға қазақтың дәстүрлеріне байланысты сұрақтар қойылады (мысалы, «Қымыз не үшін ішеді?», «Шілдехана дегеніміз не?»).** **Олар өз ойларымен жауап береді, дұрыс жауаптарды тыңдап, салт-дәстүрлерді түсінеді.** **Сауат ашу негіздері** Біз нені үйрендік? **Мақсаты:** Сөзді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру; берілген дыбысқа сөз құрай алуға жаттықтыру. **Міндеті-** балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту **Ойын 1:** «Сөздерден буын жаса» **Мақсаты:** Сөздерді буындарға бөліп айту дағдыларын дамыту. **Барысы:** Балаларға бірнеше сөздер беріледі, олар сол сөздерді

		ұсынылады. Олар сызықтардың түрлі формаларын жасап, арақашықтықты сақтап жазу арқылы қызықты өрнектер жасайды. **Қоршаған ортамен танысу** Менің елімнің салт-дәстүрі Мақсаты: Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу, құрметтеу және ұлт құндылықтарына деген құрметті дамыту. Міндеті: Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқыныңқұндылықтарынақұрметтаныту **Барысы:** Балаларға қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері туралы қысқаша әңгіме айтылады. Әр дәстүрдің мәні мен маңызы түсіндіріліп, балалар оны құрметтеу қажет екендігі туралы түсінік беріледі. **Ойын 1:** «Қазақтың дәстүрлері» **Мақсаты:** Салт-дәстүрлер туралы	**Сауат ашу негіздері** Буынғабөлу Мақсаты :Буындарды дұрыс бөлу және санын анықтау. Міндеті:-Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау **Ойын 1: «Буындарды табу»** **Мақсаты:** Буындарды дұрыс бөлу және санын анықтау. **Барысы:** Балаларға сөздер беріледі, олар сол сөздерді буынға бөліп, әр буынның санын санайды. Мысалы: «қалам» деген сөзді екі буынға бөледі («қа-лам»). **Ойын 2: «Буынға бөліп ән айту»** **Мақсаты:** Сөздерді буынға бөліп, олардың дұрыстығын тексеру. **Барысы:** Балалар өлең немесе қарапайым әнді айтады, сөздерді буындарға бөліп, әр буынды дұрыс айтуға тырысады.	жан-жақты баяндап айтады. Менің анам Мақсаты: Міндеті: Дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын дамыту және жетілдіру, дауыссыз г – ғ, л –р,ж–з,с–з,ж–ш,н–ң,х–һдыбыстардыестубойынша ажыратуғажаттықтыру **Менің анам** **Мақсаты:** Дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын дамыту, дауыссыз дыбыстарды ажырата білу. **Міндеті:** Дауыссыз дыбыстарды дұрыс есту және айту, дыбыстардың бір-бірінен айырмашылығын түсіну. **Ойын 1:** «Дыбыстарды таныық» **Мақсаты:** Дауыссыз дыбыстарды ажырату дағдыларын дамыту. **Барысы:** Балаларға әртүрлі сөздер беріледі, олар әр сөздің құрамындағы дауыссыз дыбыстарды тауып, дұрыс айтып көрсетеді. Мысалы: «г – ғ», «ж – з», «с – з». **Ойын 2:** «Дыбыстарды сөздермен байланыстыру» **Мақсаты:**	буынға бөліп, әр буынды дұрыс айтуға тырысады. Мысалы, «қала», «киім», «домбыра» сөздерін буындарға бөледі. **Ойын 2:** «Қазақтың дәстүрлері» **Мақсаты:** Салт-дәстүрлер туралы сөздерді буынға бөліп, оларды айқын айту. **Барысы:** Балалар қазақ халқының салт-дәстүрлеріне байланысты сөздерді айтады (мысалы, «қонақжай», «қымыз», «сәукеле») және сол сөздерді буындарға бөліп айтып, дәстүрлерді түсіндіреді. **Шығармашылық іс-әрекет** Мамандықтар құралдары **Мақсаты:** Мамандық құралдарының суретін салу дағдыларын дамыту. **Сурет салу/** **Міндеті:** - Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу. **Жапсыру/** **Міндеті** Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей

AnyScanner

		сөздерді буынға бөліп, оларды айқын айту. **Барысы:** Балалар қазақ халқының салт-дәстүрлеріне байланысты сөздерді айтады (мысалы, «қонақжай», «қымыз», «сәукеле») және сол сөздерді буындарға бөліп айтып, дәстүрлерді түсіндіреді. **Көркем әдебиет** **Наурыз** **Мақсаты**. Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту **Міндеті:** Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту Балаларға қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері туралы қысқаша әңгіме айтылады. Әр дәстүрдің мәні мен маңызы түсіндіріліп, балалар оны құрметтеу қажет екендігі туралы түсінік беріледі. "Ақсүйек" ойыны Мақсаты: Балаларды	Осылайша, буындардың құрылымын түсініп, дұрыс айтуға үйренеді. **Көркем әдебиет** **Наурыз көже** Мақсаты:Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру Міндеті: Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту Балаларға қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері туралы қысқаша әңгіме айтылады. Әр дәстүрдің мәні мен маңызы түсіндіріліп, балалар оны құрметтеу қажет екендігі туралы түсінік беріледі. **"Наурыз көже" ойыны** Мақсаты: Балаларды Наурыз көже туралы түсінік беру, дәстүрді еске түсіру, сөйлеу мәдениетін дамыту. Ойынның барысы:	Дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту және дұрыс есту. **Барысы:** Балалар бір-біріне сөздер айтады, мысалы, «жас», «зымырай» және сол сөздерді дұрыс айтып, әрбір дыбысты анық айтуға тырысады. **Математика негіздері** Геометриялық фигуралар **Мақсаты:** еометриялық фигуралардың атауларын жаттау, әр фигураның ерекшеліктерін анықтау. **Міндеті:** Геометриялық фигураларды (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру **Ойын 1:** «Фигураларды тану» **Мақсаты:** Геометриялық фигураларды дұрыс ажырату және атау. **Барысы:** Балаларға түрлі геометриялық фигуралар көрсетіледі (дөңгелек, үшбұрыш, шаршы және т.б.), олар әр фигураның атын айтып, оны нақтылай алады. **Ойын 2:** «Фигуралармен сурет салу» **Мақсаты:** Геометриялық фигураларды	бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию. **Мүсіндеу/** **Міндеті :**Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу **Құрастыру** **Міндеті** Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу. **Ойын 1:** «Мамандық құралдарын салу» **Мақсаты:** Мамандық құралдарының суретін салу дағдыларын дамыту. **Барысы:** Балаларға түрлі мамандықтар туралы әңгіме айтылады (мысалы, дәрігер, құрылысшы), олар сол мамандықтың құралдарын (стетоскоп, балға, т.б.) сурет арқылы салуға тырысады. **Ойын 2:** «Геометриялық пішіндермен сурет салу» **Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді қолдана отырып, сурет салу дағдыларын дамыту.

AnyScanner

		ұлттық ойындармен таныстыру, дене шынықтыру мен топтық жұмысты дамыту, сондай-ақ ұлттық дәстүрлерге құрмет көрсету. Ойынның барысы: Балалар бірнеше топқа бөлінеді. Әр топта 5-6 бала болуы керек. Ойын алаңына бір "ақсүйек" қойылады. Ақсүйек — әдетте ағаш немесе үлкен тас болуы мүмкін. Ойынның мақсаты — әр топтың балалары бір-бірімен жарысып, ақсүйекті қолға түсіріп, белгіленген орынға жеткізу. Әр топ өз ойыншысын жібереді, ол ақсүйекті алу үшін қарсылас команданың жолаушыларына тиіп кетпеуі керек. Егер бір бала қарсылас командаға тиіп кетсе, ол ойыннан шығып қалады. **Музыка** «Аяулы Анашым»С.Бұланова. Мақсаты: Лирикалық әуендерді қабылдау, әнің ырғағына сәйкес би қимылдарын орындау, музыканың	Балалар дөңгеленіп тұрады. Тәрбиеші балаларға Наурыз көже туралы әңгіме айтып береді. Әр бала кезекпен Наурыз көжені жасаған кезде қолданылатын өнімдерді атайды (су, сүт, ет, тұз, т.б.). Ойын барысында балаларды дұрыс әрі анық айтуға, дыбыстарды дұрыс айта білуге ынталандырады. **Дене тәрбиесі** Қол және иық жаттығулар Мақсаты : Қолды дұрыс жаттықтыру, икемділігін арттыру. Міндеті: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою.**Ойын 1: «Қол жаттығулары»** **Мақсаты:** Қолды дұрыс жаттықтыру, икемділігін арттыру. **Барысы:** Балаларға қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа	пайдаланып сурет салу дағдыларын дамыту. **Барысы:** Балалар геометриялық фигураларды пайдаланып, қарапайым сурет салуды үйренеді. Мысалы, дөңгелектен күн, үшбұрыштан үй салу. **Қазақ тілі** Көктемгі жұмыс **Мақсаты:** Егіншілік кәсіппен байланысты сөздермен толықтыру. **Міндеті:**Егіншіліккәсіпкеб айланысты (дән, тұқым,суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр,күрек,тырма,соқа)сө здермен толықтыру.(10.03 кір) **Ойын 1:** «Көктемгі жұмыстар» **Мақсаты:** Егіншілікке байланысты сөздерді дұрыс қолдану дағдыларын дамыту. **Барысы:** Балалар көктемде болатын егіншілік жұмыстары туралы әңгіме құрастырады. Олар «тұқым», «суару», «орақ», «күрек» сияқты сөздерді қолдана отырып, көктемгі жұмысқа қатысты әңгіме айтады. **Ойын 2:** «Жұмыс құралдарын тап» **Мақсаты:**	**Дене тәрбиесі** Кеудеге арналған жаттығулар Мақсаты: Кеудеге арналған жаттығуларды жасау, бұлшықеттерді нығайту. Міндеті:Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғағақарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею **Ойын 1: «Допты беру»** **Мақсаты:** **Қолдың үйлесімділігін дамыту,ептілікті арттыру.** **Барысы:** **Балалар бір-біріне допты жоғарыдан алға және артқа беріп, қимылдарды дұрыс орындауға тырысады.** **Ойын 2: «Кеудеге арналған бұрылыс жаттығуы»** **Мақсаты:** **Дене бұлшықеттерін күшейту, икемділікті арттыру.** **Барысы:** **Балалар гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкейіп, жаттығуды орындайды.** .

AnyScanner

		қарқынын байқау Міндеті: Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. **Ойын 1:** «Қазақтың биіне айнал!» **Мақсаты:** Қазақ биінің негізгі қимылдарын меңгеру. **Барысы:** Балалар қазақтың «Қаражорға» биінің негізгі қозғалыстарын орындап, билеудің қадамдары мен ырғағын үйренеді.	созу, қолды жоғары көтеру сияқты жаттығулар жасалады. Олар әр жаттығуды дұрыс орындап, дене қалпын сақтай отырып, қол белдеуін дамытады. **Ойын 2: «Иық жаттығулары»** **Мақсаты:** Иықты жаттықтыру және икемділігін дамыту. **Барысы:** Балалар иықтарын айналдыру, қолдарын екі жаққа созу және желкеге қою сияқты жаттығулар жасайды. Бұл жаттығулар арқылы балалардың иық белдеуінің қимылдарын жетілдіреді. (10.03 кіріктілді)	Егіншілік құралдарын атау және оларды байланыстыру. **Барысы:** Балаларға егіншілік құралдарының суреттері көрсетіледі (орақ, кетпен, соқа және т.б.), олар сол құралдарды атап, қайсысының қандай жұмыста қолданылатынын түсіндіреді. **Музыка** «Наурыз келді»әні: Е.Хасен, сөзі: З.Мүсілім. Мақсаты: Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Міндеті: Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, балаларға "Қаражорға" биін билету. **Ойын 1:** «Би ырғағымен қимылдау» **Мақсаты:** Қазақ биінің элементтерін үйрену. **Барысы:** Балаларға «Қаражорға» биінің қимылдары көрсетіліп, олар би ырғағымен қимылдарды қайталайды. Әуенмен бірге би қимылдары орындалады. **Ойын 2:** «Қазақтың биіне айнал!» **Мақсаты:**	

				Қазақ биінің негізгі қимылдарын меңгеру. **Барысы:** Балалар қазақтың «Қаражорға» биінің негізгі қозғалыстарын орындап, билеудің қадамдары мен ырғағын үйренеді.	
Серуенге дайындық		**Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары)**	**Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары)**	**Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары)**	**Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары)**
Серуен		Бақылау: Балалардың көңілін жоғарыдан жылтырап тұрған мұздақтарға аударту. Олар салқында ерімей күннің көзі жылығанда ғана еритінін түсіндіру. Үлескедегі еңбек: Үлеске ішіндегі қарды тазалау. Еңбексүйгіштікке баулу. Қимылды ойын: «Қарғалар» Мақсаты: ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Жеке жұмыс: топтың балаларымен құстар болып ұшып ойнау. Өзіндік іс – әрекет: қардың қай жерлерде көп жатқанын	№ 2 серуен картотекасы. Бақылау: Аула сыртындағы лас жерлерді бақылау. Қардың қалай еріп жатқанын байқау. Қар еріп, Су көбейіп Сай – салаға ағады Бүршік шашып, Жапырақ ашып, Гүл бәйшешек басады Бөбектерім айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? (Ш.Ахметов) Үлескедегі еңбек: балалардың қолына күректер беріліп қар тазалату.	№ 3 серуен картотекасы. Бақылау: Күннің көзін бақылау. Балалардың назарын тамшыларға аударту. Жылтыраған мұзды қолдарына ұстағанда еріп кететінін түсіндіру. Үлескедегі еңбек: Қар қалдықтарынан қар адамның сұлбасын жасап үйрену. Қимылды ойын: «Поезд» Мақсаты: саппен жүруге үйрету. Жеке жұмыс: Қатарда тұрып қос аяқпен секіруге үйрету. Өзіндік іс – әрекет: көктем мезгілінің алғашқы күндеріндегі күннің көзін, қардың ерігенін байқау. №	4 серуен картотекасы. Бақылау: Үй жануарларын бақылау. Білімдерін кеңейту. Көктем мезгілінде жануарларда төлдерін өргізетінін әңгімелеу. Қойдың төлі: Мә-мә-мә деген әні бар, Жібек тоны –сәні бар, Қошақаным, момақанСүйкімді бір жануар. Үлескедегі еңбек: Үлескемізді қардан тазартып, аула сыпырушының еңбегін бағалап, таза ұстауға тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Екі Аяз», «Көгершіндер мен торғайлар». Мақсаты: балаларды қозғалғанда дұрыс жүгіруге дағдыландыру. Жеке жұмыс: «Кім шапшаң?» - кім жылдам жүгіріп жетеді белгіленген жерге. Өзіндік іс – әрекет: ағаштардың

		байқау.			бұтақтарындағы бүршіктерге көңілдерін аударту. Әлі де болса бүршіктердің аз екендігін түсіндіру.
Серуеннен оралу		Сынпқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету.**(дербес қимыл әрекеті).**	Сынпқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету.**(дербес қимыл әрекеті).**	Балалармен серуен туралы қысқаша пікірлесу "Серуенде не қызықты болды?" "Қандай ойындар ойнадыңдар?" "Не байқадыңдар?"	Балалармен серуен туралы қысқаша пікірлесу: "Серуенде не қызықты болды?" "Қандай ойындар ойнадыңдар?" "Не байқадыңдар?"
Балалармен жеке жұмыс		..... 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды үйрету	..... заттардың пішіндерін өз еркімен анықтай алуға көмектесу	"Не артық?" ойыны (заттар арасындағы артық элементті табу). "Түстер мен пішіндерді тап"	Қағаздан аппликация жасау. Саусақпен сурет салу. Бекарыс,Әмір
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)*		«Сақина салу» Мақсаты: Зейін, қырағылық және шапшаңдықты дамыту. Құрал-жабдықтар: Сақина немесе кішкентай зат. Ережесі: Балалар шеңберге отырып, қолдарын тізелеріне қояды. Жүргізуші сақинаны біреуге білдірмей салады. Басқа бала сақинаның кімде екенін табуы керек.	«Теңге ілу» Мақсаты: Балалардың икемділігін, шапшаңдығын дамыту. Құрал-жабдықтар: Теңге немесе ұсақ заттар (қағаз, тиын, түйме). Ережесі: Жерге заттар шашылып қойылады. Балалар кезекпен еңкейіп, оларды белгілі уақыт ішінде жинайды. Кім көбірек зат жинаса, сол жеңімпаз.	Ханталапай» Мақсаты: Шапшаңдық пен зейінді дамыту. Құрал-жабдықтар: Асықтар. Ережесі: Балалар ортаға асық шашады. Жүргізуші белгі бергенде, бәрі асықтарды жинай бастайды. Кім көп асық жинаса, сол жеңеді.	«Жаяу көкпар» Мақсаты: Төзімділік пен ептілікті дамыту. Құрал-жабдықтар: Жұмсақ ойыншық немесе доп. Ережесі: Балалар белгілі бір аумақта допты тартып алып, белгіленген жерге жеткізуге тырысады.
Балалардың үйге қайтуы		**Өнегелі 15 минут** Тәрбиенің үлгісі болыңыз Бала ересектердің іс-әрекетін қайталайды, сондықтан онымен әдепті және сыпайы	**Өнегелі 15 минут** Баламен бірге уақыт өткізіңіз Баламен әңгімелесіп, оның қызығушылықтарын түсінуге тырысыңыз.	**Өнегелі 15 минут** Қазақ халқының салт-дәстүрін үйретіңіз Баланы ұлттық мәдениетке жақындату үшін ертегілер оқып, мақал-мәтелдер айтуды әдетке	**Өнегелі 15 минут** Тәрбиенің үлгісі болыңыз Бала ересектердің іс-әрекетін қайталайды, сондықтан онымен әдепті және сыпайы болыңыз. Жақсы әдеттерді қалыптастыру үшін өз іс-әрекеттеріңізге мән

AnyScanner

		болыңыз. Жақсы әдеттерді қалыптастыру үшін өз іс-әрекеттеріңізге мән беріңіз.	Бірге кітап оқу, сурет салу, табиғатта серуендеу баланың эмоционалды дамуына ықпал етеді.	айналдырыңыз. Ұлттық ойындар мен мерекелерге қатысу арқылы мәдени құндылықтарды бойына сіңіруге көмектесіңіз.	беріңіз.

Заттарды ұзындығы,ені,жуандығы бойынша салыстыру	Заттардың ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу	1	**10.03**
Мен не білемін және не істей аламын?	Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге мүмкіндік беру	1	**12.03**

AnyScanner

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Балалардың жасы : 5 жас
Қандай кезеңге жасалды : Наурыз 03- 07. 2024-2025 оқу жылы

Құндылық – Тәуелсіздік және отаншылдық
Апта дәйексөзі:«Патриотизм-ата-анаңды құрметтей білуің...» Б.Момышұлы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 03.03.25	Сейсенбі 04.03.25	Сәрсенбі 05.03.25	Бейсенбі 06.03. 25	Жұма 07.03.25
Балаларды қабылдау	Күй күмбірі **«Балалық шақ»** **«Сиқырлы сөздер"** ойыны **Мақсаты:** Балаларды бір-біріне жылы сөз айтуға дағдыландыру. **Іс-әрекеттер**: Мұғалім қорапшада әртүрлі "сиқырлы сөздер" (рақмет, сәлем, сәттілік, көмектесемін т.б.) жазылған карточкалар таратады. Әр бала карточкадағы сөзді басқа балаға қолданып айтуы керек.	Күй күмбірі **«Балалық шақ»** **"Әуенді таңдау"** **Мақсаты:** Баланың эмоционалды жағдайын реттеу, шығармашылық қабілетін дамыту. **Іс-әрекеттер:** Мұғалім екі-үш түрлі әуен қосып, балалар өз көңіл-күйіне сай әуенді таңдайды. Әуенге сәйкес қимылдар жасалады (баяу әуен – тыныш отыру, көңілді әуен – би қимылдары).	Күй күмбірі **«Балалық шақ»** **"Қалай амандасамыз?"** **Мақсаты:** Балалардың сергектігін арттыру, таңғы ұйқышылдықты жою. **Іс-әрекеттер:** Балалар әртүрлі тәсілдермен амандасады (қол алысады, шапалақ соғады, би қимылын жасайды). Мұғалім әр балаға бір ерекше амандасу түрін ойлап табуды ұсынады.	Күй күмбірі **«Балалық шақ»** Балаларды жылы қарсы алу, олардың көңіл-күйін бағалау. **Іс-әрекеттер:** Мұғалім әр баламен амандасып, қысқаша әңгімелеседі. Баланың көңіл-күйін, физикалық жағдайын (шаршаңқы, сергек, көңілді т.б.) бақылау. Қажет болса, ата-анасымен қысқаша пікір алмас	Күй күмбірі **«Балалық шақ»** **«Сиқырлы сөздер"** ойыны **Мақсаты:** Балаларды бір-біріне жылы сөз айтуға дағдыландыру. **Іс-әрекеттер**: Мұғалім қорапшада әртүрлі "сиқырлы сөздер" (рақмет, сәлем, сәттілік, көмектесемін т.б.) жазылған карточкалар таратады. Әр бала карточкадағы сөзді басқа балаға қолданып айтуы керек
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Күн тәртібін сақтаңыз** – балаға тұрақты режим (ұйқы, тамақтану, демалыс және сабақ уақыты) қалыптастыру маңызды.	**Өз бетінше әрекет етуіне мүмкіндік беріңіз** – киіну, тамақ ішу, сөмкесін жинау сияқты қарапайым тапсырмаларды өзі орындасын.	**Оқу материалдарын бірге қарап шығыңыз** – балаңыздың сабақта не үйренгенін сұрап, үйде қайталауға көмектесіңіз	**Баланың эмоционалды дамуын қолдау Қолдау көрсетіңіз** – балаға "Сен қолыңнан келеді!", "Мен саған сенемін!" деген жылы сөздер айтып отырыңыз.	**Ойын арқылы оқуға қызығушылық оятыңыз** – суреттерді құрастыру, рөлдік ойындар, конструкторлар баланың шығармашылығын дамытады.
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті,	**"Домино" ойыны** Мақсаты: Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Қалай ойнайды? Балалар суреттері сәйкес келетін бөліктерді жалғастыра отырып, тізбек	**"Жолды тап" (лабиринт ойыны)** Мақсаты: Баланың зейінін шоғырландыру қабілетін арттыру. Қалай ойнайды? Бала лабиринт ішінде дұрыс жолды тауып, басталған жерден	**"Танграм" (геометриялық басқатырғыш)** Мақсаты: Кеңістіктік ойлау қабілетін дамыту. Қалай ойнайды? Балалар берілген геометриялық фигураларды пайдаланып,	**"Не артық?"** Мақсаты: Логикалық ойлауды жетілдіру. Қалай ойнайды? Балалар қатар қойылған төрт заттың ішінен біреуі артық екенін тауып, себебін түсіндіруі керек.	**"Сөз тізбегі"** **Мақсаты:** Баланың сөздік қорын байыту. **Қалай ойнайды?** Бір бала бір сөз айтады, келесі бала сол сөздің соңғы әрпінен басталатын жаңа сөз ойлап табады.

AnyScanner

кітаптарды қарау және басқалары)	құрайды. (Шығармашылық дағды)	шыққан жерге жетуі керек.	белгілі бір бейнені құрастырады.		
Ертеңгілік жаттығу	I. Бір сапқа тұру, саппен жүріп және жүгіру. Педагогтың бұйрығы бойынша тоқтау. Қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру, қолды белге қойып өкшемен жүру. II. 1.Б.қ. Тік тұру,қол белде. Қолды желкеге қойып басымызды артқа шалқайту, оң аяқты артқа аяқ ұшымен қою.Орнына келу. Сол аяқпен қайталау. 5-6 рет. 2. Б.қ. Аяқ алшақ,қол белде. Оңға бұрылу,оң қолды жанға созу. Орнына келу,сол жаққа келу. 6 рет 3. Б.қ. Тізеге тұру,қол екі жанда. Оң аяқпен алға қою,пружинше қозғалу. Орнына келу,сол аяқпен қайталау. 5-6 рет. 4. Б.қ. Тізеге тұру, қол белде. Бір,екі оң жақ жанбасқа отыру, қолды алға созу. Үш,төрт орнына келу. Сол жаққа қайталау.6 рет 5. Б.қ. Тік тұру, қол екі	I. Бір сапқа тұру, саппен жүріп және жүгіру. Педагогтың бұйрығы бойынша тоқтау. Қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру, қолды белге қойып өкшемен жүру. II. 1.Б.қ. Тік тұру,қол белде. Қолды желкеге қойып басымызды артқа шалқайту, оң аяқты артқа аяқ ұшымен қою.Орнына келу. Сол аяқпен қайталау. 5-6 рет. 2. Б.қ. Аяқ алшақ,қол белде. Оңға бұрылу,оң қолды жанға созу. Орнына келу,сол жаққа келу. 6 рет 3. Б.қ. Тізеге тұру,қол екі жанда. Оң аяқпен алға қою,пружинше қозғалу. Орнына келу,сол аяқпен қайталау. 5-6 рет. 4. Б.қ. Тізеге тұру, қол белде. Бір,екі оң жақ жанбасқа отыру, қолды алға созу. Үш,төрт орнына келу. Сол жаққа қайталау.6 рет 5. Б.қ. Тік тұру, қол екі жанда,қос аяқтап секіру. 4 – 5 рет Тыныс алу жаттығулары.	I. Бір саппен жүру, жүгіру. Қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру, қолды белге қойып өкшемен жүру. Үш топқа бөліну. II. 1. Б.қ. Тік тұру, қол белде. Оң жаққа аттау, қолды екі жанмен жоғары көтеру. Орнына келу, сол жаққа қайталау. 5 – 6 рет 2. Б.қ. Аяқ алшақ, қол белде. Оңға иілу, сол қолды желкеге қою. Орнына келу, сол жаққа қайталау. 5 – 6 рет 3. Б.қ. Тік тұру, қол белде. Бір,екі отыру,қолды алға созу. Үш, төрт орнына келу.5-6 рет 4. Б.қ. Отыру, аяқ бірге,қол артта тіреулі. Аяқты алға тіке созу «бұрыш». Орнына келу. 5 – 6 рет 5. Б.қ. Шалқасына жату,қол желкеде. Оң аяқты тіке көтеру, оң қолмен аяқ ұшына тигізу,орнына келу. Сол аяқпен қайталау. 5 – 6 рет. 6. Б.қ. Тік тұру, қол белде. 1 – 3 сол аяқ, 4 – 6 оң жақ аяқпен секіру. III. Тыныс алу	I. Бір саппен тұру. Денені тік ұстау. Аяқтың ұшымен жүру, қол жоғарыда.Өкшемен жүру, қол белде. Жүгіру.Үш топқа бөлініп тұру. II 1. Б.қ. Тік тұру, қол белде.Қолды екі жанынан жоғары көтеру. Созылу,орнына келу. 5рет. 2. Б.қ. Аяқ иық деңгейінде. Қол артта.1 – қол екі жаққа созу, 2 – оңға иілу, қолды жоғары созу. 3 – тік тұру, қолды екі жаққа созу. 4 – орнына келу. Сол жаққа қайталау 4 –5 рет. 3.Б.қ қолымызды алдымызға ұстап қайшылаймыз 4 – 5 рет 4. Б.қ. Аяқ алшақ,қолды екі жаққа созу. Бір,екі терең отырып,тізені құшақтау,басты түсіру.үш,төрт орнына келу.5-6 5. Б.қ аяғымыз сәл ашамыз оң қолымызды сол аяққа тигіземіз, сол қолымызды оң жаққа тигіземіз б.қ келу 5-6 рет 6.Б.қ. Тік тұру ,қол белде. Орнында қос аяқтап секіру. 7-8 рет	I.Сапта екі – екіден жүру. Денені тік ұстау. Тәрбиешінің белгісі бойынша «тырна» дегенде бір аяқты жоғары көтеріп тұру. «Қоян» дегенде, қос аяқтап алға секіру. Жүгіру, үш сапқа тұру. II 1. Б.қ. Аяқ алшақ,кубик оң қо лда. 1 – қолды екі жаққа созу. 2 – қол алға, кубикті сол қолға ауыстыру. 3 – қолды екі жаққа созу. 4-орнына келу. 5 рет. 2. Б.қ. Аяқ алшақ, кубик оң қолда.1 – алға еңкею, кубикті аяқ арасына қою. 2 – орнына келу,қол белде,3-алға еңкейіп кубикті сол қолмен алу, 4-орнына келу. 5-6 рет 3. Б.қ.. Аяқ алшақ,кубик оң қолда,кубик түсірулі, 1 – отыру, қолды алға созып,сол қолға кубикті ауыстыру. 2 – тұру. Сол қолмен қайталау. 5 – 6 рет. 4. Б.қ. Аяқ алшақ, кубик оң қолда.1- қолды екі жанға созу.2-қол артта,кубикті сол қолға ауыстыру.3-қолды екі жанға созу.4-орнынан келу. 5-6 рет.

SCAN AnyScanner

	жанда,қос аяқтап секіру. 4 – 5 рет Тыныс алу жаттығулары. III. Жәй жүріп аузын ашып демалып, мұрынмен шығару. Уф-уф-уф	III. Жәй жүріп аузын ашып демалып, мұрынмен шығару. Уф-уф-уф	жаттығулары Жәй жүру. Тыныс алу жаттығулары үлкен болып өсеміз қолды жоғары созып,демді ішке алып, уф деп сыртқа шығару.	III. Бір саппен жүріп, терең демалу. «Шар үру» уф – уф – уф	5. Б.к. Аяқ алшақ,кубикті еденге қою,айналып секіру. 5-6 рет. III. Саппен жәй жүру. Қолымызды екі жанға созып,терең демалып жоғары көтеріп демді шығарып төмен түсіру. Уф-уф-уф
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)	**Артикуляциялық жаттығулар:** "Үрлеме шар": Балаларға «шарды үрлеу» жаттығуын көрсетіп, өздерін шарды үрлеп жатқандай сезінуін сұрау. Бұл жаттығу балалардың ауыз қуысы мен тіл бұлшықеттерін жаттықтыруға көмектеседі.	**"Күннің шұғыласы"**: Балалар айналада қолдарын жайып, күннің шұғыласын сезінеді, көңілдерін көтеріп, денені сергітеді.	**Таңғы көңіл-күйді жақсарту:** "Жақсы таң!": Балалар бір-біріне жағымды тілектер айтып, «Жақсы таң!» дегенде бәрі қолдарын жоғары көтеріп, күлімдеп қарсы алуы керек. Бұл көңіл-күйді көтеруге көмектеседі.	**"Тауықтардың шақыруы":** Тауықтың шақыруын дұрыс айту, дауыстарын анық етуге арналған жаттығу.	**Шаттық шеңбері:** Балалар дөңгелене тұрып, бір-біріне қолдарын ұсынып, шаттық шеңберін қалыптастырады. Шеңберді бастау үшін жүргізуші келесі сөздермен бастау алады: «Қайырлы таң, менің досым! Көңіл-күйің қандай?» Балалар бір-біріне жауып, көңіл күйлерін сұрайды.
